

Сәкен - қайталанбас тұлға



Биыл ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл.

Осы мерейтой аясында кітапханамызда «Сәкен – қайталанбас тұлға» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты - жерлесіміздің өмірбаянын, еңбек жолын, шығармашылығын барлық оқырман тобына насихаттау.

Жыл бойына «Сәкен оқулары», «Сәкен сүйген, Сәкенді сүйген сұлулар», «Сәкеннің өнегелі жолы», «Сәкеннің сырлы саздары» тақырыптарында байқаулар, шолулар және әдеби кештер жоспарланды.

Сәкен – қазақ маңдайына біткен біртуар дара тұлға. Ұлтын қалтқысыз сүйіп, халқына айрықша еңбек сіңірген ұлт зиялысын жас ұрпаққа насихаттау барысында жасөспірім оқырман тобының пікірлерін онлайн түрде кітапханамыздың парақшасына жариялаймыз.

Жарқын болашақ үшін күресіп, сол жолда құрбан болған Сәкеннің артына қалдырған мол мұрасын оқу жас буынға өте маңызды. Кітапханамызға «Сәкен оқуларына» шақырамыз.

**Б.АНИШЕВА,
Ақтүбек ауылы**